

АҚТӨБЕ ҚАЛАСЫ БІЛІМ БӨЛІМІ

ЖШС «БОПАЙ» БАЛАБАҚШАСЫ

Беріккалиева

Бекітемін:

ЖШС «Бопай» балабақшасы

менгерушісі: Жумашева Б.А.



«ҚАРТТАРЫМ-АСЫЛ ҚАЗЫНАМ!»

«Бәйтерек» мектепалды тобы

Музыка жетекшісі: Беріккалиева А.Н.

Тәрбиешісі: Кабылова С.С.

Дуйсебаева Г.А.

Ақтөбе-2023ж.

Қарттарым – асыл қазынам!»

Тақырыбы: «Қарттарым-асыл қазынам»

Мақсаты:

1.Білімділік: 1-қазан қарттар күніне түсінік беру.

2.Дамытушылық: өз ата-бабасын ұмытпай есте сақтауға және аталы сөзден ғибрат алуға үйрену.

3.Тәрбиелік: балалардың бойына халқымыздың қадір қасиетін сіңіру, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.

Көрнекіліктер: отбасы мүшелерінің суреттері,

Әдіс-тәсілдер: әңгімелеу, түсіндіру, ойын, сұрақ-жауап.

Гаухар Арыстанқызы:

Армысыздар, қадірменді көрермендер!

Ақ сақалды аталар мен ақ жаулықты әжелер!

«Бопай » балабақшасының ұжымы!

Сіздерді 1қазан-Қарттар күнімен құттықтаймыз! Дендеріңізге саулық, отбасыларыңызға амандық тілейміз-дей келе ортаға «Бәйтерек» тобы тәрбиеленушілерін қарсы алыңыздар!

Самал Серикбаевна:

Есенсіз бе, қазыналы қарттарым,

Бабалардың бойға жиған салттарын.

Өзіңіздей ұлағатты болуға,

Өсиетіңді жүрегімде сақтармын-дей келе ортаға тақпақтарын айтуға балаларды шақырайық:

Ж.Кәусар:

Әжем ұйықтар алдында

Ертегі айтып береді.

Еркелеп ойнап жатқанда

Ылғи ұйықтап қаламын.

Мерием:

Әжем өрнек тереді,

Сырмақ отыр оюлап.

Басы ауыра береді,

Шай ішпесе, қоюлап.

Айназ:

Әжем менің асыл жан

Жақсылыққа үйретіп,

Жамандықтан шектейді.

Әжеме ешкім жетпейді!

Аңсар:

Өзің мені өсірген,
Айналайын ақ әжем.
Тентек болсам кешірген
Шөлдедің бе, дана әжем?

Мариям:

Шай қайнатып келейін,
Шекер салып, жан әжем.
Өзім құйып берейін.
Балдай тәтті бал әжем.

Самал Серикбаевна: : Ән: Әжем менің-осындай!

Гаухар Арыстанқызы:

Жарайсыңдар рахмет.Енді орнымызға жайғасайық.

Балалар,қазір жылдың қай мезгілі? (Күз)

Күз мезгілінде неше ай бар? (Үш ай бар)

Атайықшы? (Кыркүйек ,казан, караша)

Дұрыс айтасындар.

Енді осы қыркүйек айында қандай мерекелер болды? (Білім күні)

Жарайсыңдар.

Ал қазан айында қандай мерекелер бар, білесіңдер ме? (Ұстаздар күні ,Республика күні)

Дұрыс айтасындар .

Қазан айында бұл мерекелерден басқа тағы да, мереке бар.

Ол-1-қазан қарттар күні.

Сондықтан бүгінгі ұйымдастырылған оқу қызметіміз қарттар күнініне арналмақ. Мен сердерге жұмбақ жасырайын.

Жұмбақ:

Айтары мол ғұлама,

Көп жасаған бұл адам.

Әкесі ол әкеңнің,

Білер оны сұраған.

Ол кім? (Ата)

Аймалайды "Күнім" деп,

Мейірімді жүзі кулімдеп.

"Тәтті-ақ" дейді немере,
Бал шырындай үнің деп.
Ол кім? (Әже)

Жарайсыңдар,балалар,дұрыс таптыңдар. Осы атамызбен әжемізді бір сөзбен қалай атаймыз?
(қарттар дейміз)

Дұрыс айтасыңдар,балалар.-"Ақылды қария-ағып жатқан дария" деп тегін айтылмаған. Осы қарттарымыз бәйтерек болса,біз соның жапырағымыз. Адам өміріндегі ең игі істің бірі-қарт кісілерге қамқорлық, мейірімділік, түсіністік, сүйіспеншілік, жанашырлық, сыйластық таныта біліуміз керек. Ал енді осы атамызбен әжемізге сендер кім боласыңдар? (немере)

Балалар анамыздың әкесі ,анасы сендерге кім болады? (нағашы ата,нағашы әже)

Ал сендер оларға кім боласыңдар? (жиен)

Жарайсыңдар.

Жүргізуші : Ортаға тақта қойылады. Балалардан отбасы мүшелері сұралады.

Дидактикалық ойын: «Кімге не тиесілі»

Ойының шарты бойынша балалар отбасы мүшелері бар сүреттерге тиісті заттарын қыстарғышпен қыстырады. Атаға-шапан,әжеге - ұршық,әкеге -сағат,анаға-орамал,балаға-велосипед,қызға -қуыршақ

Самал Серикбаевна: Ортаға тақпақтарын айтуға балаларды шақырайық:

Асия: Әжем менің ақ әжем,
Ешкімде жоқ әжем.
Ертегі айтып береді,
Маған да сол керегі.

Сәруар:Әжемді жақсы көремін,
Өлең айтып беремін.
Үлкен болып өскенде,
Бәрін алып беремін.

Малика:Тәттілерін сақтайды,
Маликама берем деп.
Мен тілеймін әрқашан,
Әжем аман болсын деп

Сардар :

Атамыз біздің панамыз

Атамыз біздің данамыз

Атадан ақыл аламыз

Атадай адам боламыз.

Б.Раяна:

Жақсы ісімізді мақтан қылып

Жамандықтан сақтандырып

Жүрген алтын ақ әже

Жүрсем деймін шаттандырып

Гаухар Арыстанқызы Би: «

(Айназ бен Асылбек киінуге кетеді)

Самал Серикбаевна : Көрініс:

« Бақшадағы алма».

Гаухар Арыстанқызы : Тақпақтарын айтуға балаларды шақырайық:

Адия:

Немересін жанынан артық көретін,

Екі еткізбей бәрін алып беретін

Әжелердің құшағында күн иесі

Еркелігі үзілместен күлетін

Айшабибі:

Әдептілік белгісі,

Иіліп сәлем бергені.

Алла берген ұл- қызың,

Маңдайдағы жұлдызың.

Қариясы бар адам,

Дариясы бар адам.

Айдынхан :

Менің әжем, жыр әжем,

Шуағы мол нұр әжем.

Ақ таяққа сүйеніп,

Аман - есен жүр әжем

Фатима:

Ата үлкен кәріміз,

Қуат берген дәріміз.

Әуелете аялап,
Ардақтаймыз бәріміз.

Көркем:

Гүл - гүл жайнап бәріміз
Кірді біздің сәніміз.
Қарттарымызды тойымен
Құттықтаймыз бәріміз.

Самал Серикбаевна: ойын: «немеремді тауып аламын!» .

Гаухар Арыстанқызы: Би: «түрікше. Самал Серикбаевна : тақпақтарын айтуға балаларды шақырайық:

Ақзер:

Күлімдеген көзіңнен
Айналайын атажан
Қандай сый бар біздерге,
Өзің берген батадан.

Інжу:

Әжетай қарттар күнімен,
Құттықтаймын сізді мен.
Бар жақсыны тілеймін,
Нұр кетпесін жүзіңнен.

Әдемі:

Қарттар күні сыйласын,
Қуанышым сізге тек.
Саулығыңыз әрқашан,
Керек әже бізге тек.

Жанерке:

Немерелер қуантып,
Шаттығыңыз көбейсін.
Шөберелер көбейіп,
Бақытыңыз кеңейсін.

Мажет Айсултан:

Аман болсын басыңыз,
Ағармасын шашыңыз.
Шөбере сүйіп әлі де,
Жүзге жетсін жасыңыз.

Би: « Қырманға кел,қалақай!»

Ән: « Әже мен ата!»

**Құттықтау сөзі «Бопай"бб меңгерушісі: Жұмашева Баршын
Алдашевнаға беріледі.**

Аталардан бата аламыз.



